








Автор: Жумагулова Айгуль Ришатовна
Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі
Тақырып: Ағаштар

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:	Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары.	5 О5 Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру. 5 Ж2 Жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу.
Сабақтың мақсаты.	Барлық оқушылар орындай алады. Мәтіннің мазмұнын түсінеді, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәтіннің негізгі идеяны анықтайды, өз пікірін білдіреді Мәтіннің құрылымын сақтап хат, жарнама, хабарландыру жаса алады. Кейбір оқушылар орындай алады: Мәтіннің құрылымын сақтай отырып, ақындардың үзінділеріне сүйеніп, өлең құрастыру
Тілдік мақсаттар	Ағаш сабақтары, діңгек, анимистік дүниетаным, иілгіш, көп жылдық, тамырлары, киелі ағаш.
Алдыңғы оқу	Ағаштар туралы және оларды күту туралы түсінік қалыптасқан. Бақша ағаштарының түрлерін біледі.
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына сәйкес "Бақша ағаштарының" маңызы мен пайдасын сезіну арқылы тәлім – тәрбиесі жоғары, патриоттық рухы мықты тұлға тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыс	қазақ әдебиеті

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (8 минут)	1.Ұйымдастыру кезеңі. 2. Психологиялық ахуал Сыныпты топқа бөлу. Әр топтардың алдына жапырақсыз, жеміссіз алма, алмұрт, өрік ағаштарының суреттері беріледі, осы ағаштардың жапырақтары арқылы оқушыларды 3 топқа бөлу. Жапырақтарды ағашқа апарып жабыстырады. Ой қозғау. Қазақстанда өсетін ағаштардың суреті көрсетілген. Берілген суреттер бойынша ой қозғау. Суреттер әр топтың алдында жатады. -Ағаштарды неге көп жылдық өсімдіктер қатарына жатқызамыз? - Қазақстанда өсетін ағаштарды ата? -Қандай қылқан жапырақты ағашты білесіңдер? 1 - тапсырма «Миға шабуыл» Сұрақтарға жауап беріп, бүгінгі тақырыпты болжау. - Балалар, тәрбие сөзін қалай түсінесіңдер? - «Тәрбие – тал бесіктен» дегенге қалай қарайсыңдар? - Бала тәрбиесіне не, кім ықпал етеді деп ойлайсыңдар? Дескриптор: Берілген сұрақтарға жауап беріп, тақырыпты болжайды.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	1- тапсырма «Мәтін құрау» әдісі. 1."Бақша ағаштары" мәтінін оқу. 2. Жұптасып сұрақ дайындап, топта жинақтап сұрақтарды стикерлерге жазып топтарға тарату. Дескриптор: - Мәтінді түсініп оқиды. - Нақты ақпараттарды анықтап, жұптасып сұрақтар құрастырады. - Мәтін бойынша құрастырылған сұрақтарға толық жауап береді. ҚБ «Алма жемістері» әдісі арқылы ағаштардың жемістерімен бағалау.  өте жақсы,  жақсы,  қанағаттандырырлық  2 - тапсырма. 1-топ: Ағаштың табиғат үшін және адам үшін пайдасын жарнамалау. 2-топ: Киелі ағаш ұғымын «Дара диаграммасы» бойынша топтастыру. 3- топ: « Буриме әдісі » бойынша өлеңді толықтыру. жетіпті,.....өсіпті,.....болыпты.беріпті.тартыпты,.....шыдапты. жетіліпті,.....гүлдепті. -- Ағаштарға байланысты кез келген ақынның үзінділеріне сүйене отырып, өлең құрау. Дескриптор: I. « Ағаштың табиғат үшін және адам үшін пайдасын жарнамалай алады. II. Киелі ағаш ұғымын топтастырады. III.Өлеңді толықтыра алады. IV. Ағаштарға байланысты кез келген ақынның үзінділеріне сүйене отырып, өлең құрастырады.  ҚБ. «Алмұрт жемісі» әдісі  өте жақсы  жақсы, 	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (7 минут)	1 - тапсырма I топ. Тәлім- тәрбиеге қатысты мақал – мәтелдер, нақыл сөздер жазу. II топ. «Сүзіп алу » әдісі. Мәтін бойынша нақты ақпараттарды теріп, жазу III топ. «Уақыт тізбегі» әдісі .Мәтін бойынша өз ойларын жинақтап, 2-3 сөйлеммен қорытындылау. Дескриптор: - Мәтінге қатысты мақал – мәтелдер жазады. - Нақты ақпараттарды ескереді. - Ойларын жүйелі қорытындылайды. ҚБ"Өрік ағашы" әдісі. Кері байланыс «Блоб» ағашы Оқушы өзінің бүгінгі сабақта түсінгенін қаншалықты бағалайтынын блоб ағашы арқылы таңдап белгілейді .Өзін бояйды.	